

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 273 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар
мен өзгеріс енгізу туралы**

1-бап. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 366-құжат; 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 782-құжат; 2001 ж., N 10, 121-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) 13-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "ішкі істер" деген сөздерден кейін "және Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац "сақтауды нығайтқаны" деген сөздерден кейін ", қылмыстық жазаларды орындағаны" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 14-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "ішкі істер" деген сөздерден кейін "және Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "қамтамасыз етуде" деген сөздерден кейін ", қылмыстық жазаларды орындауда" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 20-баптың бірінші абзацындағы "және ішкі істер" деген сөздер ", ішкі істер және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н .

2-бап. Осы Заң оны ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК